



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 “Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы” Жарлығын іске асыру аясында Созақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының Шу ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 27 қазан сағат 10.00-де Шу ауылдық округі әкімдігінің мәжіліс залында



өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 27 қазан сағат 11.30-да Шу ауылдық округі әкімдігінің мәжіліс залында өтеді.

Тасты ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 27 қазан сағат 15.00-де Абай атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 27 қазан сағат 16.30-да Абай атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Қыземшек кентінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 28 қазан сағат 11.00-де Қыземшек кентінің мәдениет үйінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 28 қазан сағат 12.30-да Қыземшек кентінің мәдениет үйінде өтеді деп жоспарлануда.

Жуантөбе ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 28 қазан сағат 15.00-де С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 28 қазан сағат 16.30-да С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

## Жеке қабылдауға жазылыңыз!

Ағымдағы жылдың 20 қазан күні Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Превенция қызметінің басшысы Саян Қылышлы Ахметжанов Түркістан облысының тұрғындарына жеке қабылдау өткізеді.

Жеке қабылдау 2022 жылдың 20 қазанында сағат 15:00-16:00 аралығында Түркістан қаласы, Жаңа қала, Басқармалар үйі, «Ашық әкімдік» 1 қабат, 158 қызметтік бөлмеде өтеді.

Құрметті Түркістан облысының тұрғындары мен қонақтары!

Қабылдауға жазылып, сұрақтарыңыз, арыз-шағымдарыңыз, өтініштеріңіз немесе сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары туралы хабарлауға болады.

Жеке қабылдауға жазылу 19.10.2022 жылғы сағат 17.00-ге дейін +772533-26932 немесе +7747-709-21-94 телефоны арқылы жүргізіледі.



## Президент Адам құқықтары жөніндегі комиссияның төрағасын қабылдады

Мемлекет басшысы Президент жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның төрағасы Игорь Роговы қабылдады. Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаевқа Президент жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның қызметі жөнінде есеп берілді, деп хабарлайды Egemen.kz.

Игорь Рогов Мемлекет басшысына Комиссияның отырыстарында адам құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметі, сондай-ақ құқық қорғау органдары мен арнайы органдардың қызметінде азаптау фактілерінің ал-

дын-алу мәселесі қаралғанын хабарлады.

Мемлекет басшысы адам құқықтарын қорғау мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігі екенін атап өтті. Қазақстан Конституциясына сәйкес, адам өмірі-ең жоғары құндылық.

Мемлекет басшысына Еуропа Кеңесі Венеция комиссиясының жұмысы жөнінде мәлімет берілді. Игорь Рогов – Қазақстанның атынан осы комиссияның мүшесі және Омбудсмен институты жөніндегі шағын комиссияның президенті. Президенттің айтуынша, жуырда конституциялық түзетулерді пысықтау барысында Венеция комисси-

ясының Омбудсмен мәртебесін көтеру жөніндегі ұсыныстары ескерілді. Бұл адам құқықтарын сақтау саласына бақылауды күшейтеді және мемлекетті халықтың сұранысына жедел жауап беруге ықпал етеді.

Сондай-ақ Игорь Рогов Венеция комиссиясы елімізде жүргізіліп жатқан құқықтық және саяси реформаларға оң баға бергенін айтты.

Айта кетсек, қазан айында Венеция комиссиясы, Парламент Мәжілісі мен Әділет министрлігі «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Конституциялық заң жобасын талқылауды жоспарлап отыр.

## Халқымыздың саны 163,7 мыңға артты

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының хабарлауынша, 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша еліміздегі халық саны 19 666,8 мың адамды құрады. Оның ішінде қалалықтар үлесі 12 131,1 мың адам (61,7%) болса, ауылдықтар саны – 7 535,7 мың адам (38,3%).

Қазіргі халық саны жыл басындағы көрсеткішпен салыстырғанда 163,7 мың адамға немесе 0,8%-ға өсті. Ал өткен жылдың сәйкес кезеңімен, яғни 2021 жылдың қаңтар-тамыз айларындағы дерекпен салыстырғанда, ел халқының табиғи өсімі 3,6%-ға (178,9 мың адам) төмендеп, 172,4 мың адамды құрады. 1 мың тұрғынға шаққандағы табиғи өсімнің жалпы коэффициенті 13,19 адамды құрады.

АХАТ органдары ұсынған азаматтық хал-ақпараттарының жазбаларындағы мәліметтерге сәйкес, биыл қаңтар-тамыз аралығында 263,8 мың сәби дүниеге келді. Бұл 2021 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 11%-ға аз (296,5 мың адам). 1 мың адамға шаққандағы жалпы туу коэффициенті 20,19 сәбиді құрады.

Ал «Тумақ барда – өлмек бар» дегендей, қарастырылып отырған кезеңде қайтыс болғандардың саны – 91,4 мың. Бұл өткен жылға қарағанда 22,3%-ға аз (2021 жылы – 117,6 мың адам). Өлім-жітімнің жалпы коэффициенті 1 мың адамға 7 марқұмды құрады.

Сондай-ақ биыл қаңтар-тамыз аралығында 1 жасқа дейін шетінеген 2 208 нәресте тіркелді және 2021 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда (2 345 шетінеген нәресте) көрсеткіш 5,8%-ға кеміді. Нәресте өлім-жітімінің коэффициенті 1 мың туғандарға



шаққанда 8,37 оқиғаны құрады.

Бүгінде айналамыздағы шиеленіскен жағдайларға байланысты халық саны келімсектердің есебінен көбейіп жатқан жоқ па деген сұрақтың туындайтыны да анық. Бірақ Көші-қон қызметі органдары ұсынған мәліметтерге сүйенсек, бұған алаңдауға негіз жоқ сияқты. Айталық, биыл қаңтар-тамыз айларында елімізге тұрғылықты тұруға келген 9 595 адам тіркелген екен. Алайда елімізден 18 275 адам кетіпті. Мұндағы көші-қон айырымы – 8 680 адамға кем.

Көші-қонның негізгі алмасуы ТМД мемлекеттерінің арасында екені түсінікті. Онда кетіп және сол жақтан келіп көшіп-қонушылардың жалпы санынан үлесі 85,1% және 84,4%-ды құрады.

Ел ішінде қоныс аударатындардың саны 2,1%-ға кеміді. Өңіраралық қоныс аудару бойынша халық көші-қонының оң айырымы еліміздің 3 өңірінде – Алматы (24 711 адам), Астана (22 960 адам) және Шымкент (2 154 адам) қалаларында байқалды.

«Егемен Қазақстан» газетінен.



**КҮӘЛІК**

**ДИПЛОМ**

Түркі әлемі Жазушылар одағының  
"ТҮП ТАМЫРЫ ТҰРАНЫҢ" атты  
жыр мүшайрасының 1-орын иегері  
**ТҰМАРТАЙ ДИНТАЙҰЛЫ**  
марапатталады

Түркі әлемі Жазушылар

**ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!**

Жақында Түркістанда өткен Түркі Әлемі Жазушылар одағының екінші құрылтайында жерлесіміз, ақын Тұмартай Дінтайұлы қос марапатқа ие болды. "Түп қазығы Тұранның" жыр мүшайрасында 1-орын үшін Дипломмен және одаққа сіңірген еңбегі үшін "Тұран тұлпары" медалымен марапатталды. Қаламгерге шабытыңыз шарықтай берсін дейміз.

**Редакция ұжымы.**

## Қаратауда бір тамаша той өтті



Қойнауы қазынаға толы, Қарт Қаратау етегінде орналасқан Қаратау ауылының 60 жылдық мерейтойы өтіп, ән думанға оранды. Мерейтойға арнайы келген аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов, аудандық мәслихат хат-

шысы Бегімбет Байғараев пен Дүбірлі тойда қазақ күресінен жарыс ұйымдастырылды. 70 кг дейінгі салмақ дәрежесі бойынша Шолақорған ауылы тұрғыны Жеңіс Сәдуақасов бірінші орын иеленді. Түйе палуандық жарыста қазақша және белбеу күресінен спорт шебері Дәмен Дәурен түйе палуан атанды. Сондай-ақ құнан және аламан бәйге ұйымдастырылып, ұлттық спорт ұлықталды. Жарыс жеңімпаздары мен жүлделі орын иелері қомақты сыйлықтармен марапатталды. Қаратау ауылының 60 жылдық мерейтойы аудандық және ауылдық көркем-өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен ұласып, мереке көркін әнмен өрнектеді. Байырғы еңбекшілер, совхоз басшылары, мекеме-

лер басшылары баяғы кеңестік кезеңді еске түсірді. Ауылға еңбегі сіңген Сексенбай Тұрысбеков, Сайлау Асқарбаев, Сәтбай Ізбалаев, Сатыбалды Жанұзақов, Аманғали Айтұрзаев сөз сөйледі. Ауылдың 60 жылдық тарихына қатысты деректерден құралған "Мекен тауым, мерей тауым" атты естелік кітаптың тұсауы кесілді. Көршілес Қарақұр, Созақ ауыл округінің әкімі Ордабек Жәмиев пен Батыр Аяпов үй тігіп, меймандарды күтіп көршілік парызын өтесе, Ақсүмбе, Сарыжаз елді мекені де өз үлестерін қосты.

Ауыл азаматтары Ермахан Оразхан, Іргебай Омаров, Қазақбай Жүмеков, Бақытжан Төлепбергенов, Ерлан Ашықбеков, Қалижан Құрманов, Төлжанбек, Ораз, Мейрам, Орынбасар, Саясат,

### 2022 ЖЫЛ 20 ҚАРАША

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ



#### ӘР АЗАМАТТЫҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ

20 ҚАРАША 2022

### Созақ ауданы тұрғындарының назарына!



2022 жылғы 20 қарашада өтетін Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауында дауыс беруге арналған өзінің сайлау учаскесі туралы қажетті ақпарат алу үшін Telegram мессенджерінде арнайы бот іске қосылды ([https://t.me/tur\\_saylaw\\_bot](https://t.me/tur_saylaw_bot)) және Түркістан облысы әкімдігінің ресми сайтында жарияланды (<https://tur.saylaw.kz>).

Осы құралдардың көмегімен Сіз 2022 жылғы 20 қарашада өтетін Қазақстан Республикасы Президентінің сайлау күні дауыс бере алатын сайлау учаскесі туралы толық ақпарат (нөмірі, мекен жайы, байланыстары) ала аласыз.

Қосымша сұрақтар болған жағдайда 109 Call-орталығына хабарласуға болады. 109 Call-орталығы 24/7 режимінде жұмыс істейді.



шысы Бегімбет Байғараев ауыл тұрғындары мен қонақтарын құттықтап, ауылдың гүлденуі мен өркендеуіне еңбегі сіңген бірқатар ардагерлер мен азаматтарға аудан әкімінің және аудандық мәслихаттың алғыс хатын табыс етті. Сондай-ақ, ақындар айтысы, жазба ақындар мүшайрасы, қазақша күрес, аламан бәйге ұйымдастырылып ауыл көркем өнерпаздарының концерттік бағдарламасы мереке көркін қыздырды. Жазба ақындар жыр мүшайрасында Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, аудандық «Созақ үні» газетінің жауапты хатшысы Мақсат Қарғабай бас жүлде иегері атанса, бірінші орынды Алма Тілеубаева, екінші орынды Ардақ Сейілбекқызы, үшінші орын-

Дүбірлі тойда қазақ күресінен жарыс ұйымдастырылды. 70 кг дейінгі салмақ дәрежесі бойынша Шолақорған ауылы тұрғыны Жеңіс Сәдуақасов бірінші орын иеленді. Түйе палуандық жарыста қазақша және белбеу күресінен спорт шебері Дәмен Дәурен түйе палуан атанды. Сондай-ақ құнан және аламан бәйге ұйымдастырылып, ұлттық спорт ұлықталды. Жарыс жеңімпаздары мен жүлделі орын иелері қомақты сыйлықтармен марапатталды. Қаратау ауылының 60 жылдық мерейтойы аудандық және ауылдық көркем-өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен ұласып, мереке көркін әнмен өрнектеді. Байырғы еңбекшілер, совхоз басшылары, мекеме-

Ерғали, Рахым сияқты жана-шыр азаматтарға және ауыл әкімшілігі қызметкерлеріне, мектептер мен мәдениет ұжымдарына, барша үш өзенді жайлаған үш ауыл жұртшылығына елдің алғысы шексіз! Жастық ғұмырын еске түсірген қариялар маз, бірнеше жылдан көріспеген әріптестер бірін бірі көріп, ағайын - туыс, дос-жарандарымен құтшақ жайысқан жалпақ жұртшылық тағы мәз мейрам!

Қарт Қаратау бөктерінде орналасқан, әрі осы қазыналы алып таудың атын иеленген Қаратау совхозының құрылғанына 60 жыл толуына орай ұйымдастырылған ұлан асыр той, елдің береке бірлігінің арқасында үлкен дәрежеде өтті.

**Аудан әкімінің  
баспасөз қызметі.**

## Ой тұтамы немесе той соңын ала біреп сөз

Аса қадірлі теріскейліктер, оның ішінде қаратаулық жерлестер! Ел болып жұмылып, барлығыңыз бір кісідей атсалысып ауылдың 60 жылдық мерейтойын дүбірлетіп өткіздіңіздер. Өткенді мақтанш тұтып, қазіргі бағалап, болашаққа бағдар жасар жарасымды үлкен тірлік атқарылды. Шын мәнінде халықтық сипатта өткен шараны ұйымдастыруға, оның табысты өтуіне ат салысқан ауыл тұрғындарына, ауыл ақсақалдары, басшылары мен активіне, қолдау көрсеткен аудан басшыларына шынайы ризашылығымызды білдіргіміз келеді. Елдіктің көрінісі яки нағыз болмысы осылай болса керек... Еңкейген қариядан бастап, бүлдіршін балапандарымызға шейін патша көңілдерінен бір сәтке болса да, өз ауылының туған тарихына бір бойлап, кәусарына тереңдеп, қандылықтарын саралай білуге ұмтылған

ТАРТЫЛЫС КҮШІН сезінгендей болдық. Жауһарға толы толағай кең пейілін көрдік. Қаратау, аядай болса да, өзіне ғана тән ішкі «аурасы», басқаларға ұқсамайтын тыныс-тіршілігі бар, ынтымағы берік, мұнда адам капиталы тұрғысынан әлеуеті зор, ата-баба аманатына адал жұртымыз – ағайын тұрады. Бұл, әрине, баршамыздың көңілімізге мақтанш сезімін ұялататыны хақ. Осындай ырысы тасыған туған елі бар, біз шынында да бақыттымыз. Қасиет қонған бұл құнарлы топырақта қаншама жандар дүниеге келіп, кесек-кесек ірі тұлғалар қызмет етті, еңбектің көрігін қыздырып, аламанын арттырды. Тарих тезінен алғанда тым қысқа осынау 60 жылдық уақыт интервалында қаншама ғаламдық үдерістер, технологиялық төңкерістер, қоғамдық санада түбегейлі бет бұрыстар орналып жатса

да, өзгермеген, модификацияға ұшырамаған бір ғана субстанциялық күш – ол қаратаулықтардың тұнығы лайланбаған, көмескі тартпаған, ешқандай да материалдық игіліктермен өлшенбейтін дархан кең жүрегі, елдік қасиеті мен рухы, қарапайымдылықтық эталонындай болған қазақиялық келбеті. Өткен шарада ақсақалдарымыз бата беріп, осы елде әр жылдары қызмет істеген тұлғалар келіп елге, жалпы Қаратау жұртына ыстық ілтипаты мен жүрек түкпірінде жатқан ризашылықтарын жеткізді. Бұның бәрі қаратаулықтарға, жалпы елге, әрбір тұрғынға берілген шынайы баға. Бұл жердің басты байлығы да, бірегей кереметі де – ауыз біршілігі берік, ынтымағы ұйысқан адамдары - ЕЛ ТҰРҒЫНДАРЫ. Елдің де, жердің де көркі СІЗДЕР, құрметті ауыл тұрғындары! Лайым берекелеріңіз артып, ынты-

мақтарыңыз, ауыз біршіліктеріңіз ажырамасын! 60 жылда бұл аумақта ішкі мәдениет пен өмір сүрудің, ағайындық ара-қатынастың қаратаулық формуласы, экожүйесі қалыптасты. Азаматтық өлшем тұрғысынан ауыл тұрғындары өз мақсат-мұраттарын бір арнаға тоғыстырып, әрдайым ортақ мүддеге сай жарасымды тірлік жасап, болашақты жарқын етуге қызмет ете берсін! Ақсақалдарымыз, аналарымыз аман болсын!

Баршаңыз жасай беріңіздер, ауылдың мәртебесін биік ұстап, істеріңіз әрдайым жасампаздықтың жаршысы болсын!

**Ізгі ниетпен:  
Ерлан АШЫҚБЕКОВ,  
ҚР Ұлттық Банкінің  
департамент директоры  
Астана қаласы.**

# АМАНАТТЫҢ ТҰҒЫРНАМАСЫ-

## Әділетті Қазақстанды құруға негізделді

Ұлы даланың тұғыры – Түркістан, ал тұғырнамасы-Тәуелсіздік болғаны анық. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан» құрудағы ұстанымы тың бетбұрысқа бастайтын бірегей бастама ретінде қабылданды. Бұл стратегия «Аманат» партиясының жаңа саяси тұғырнамасының негізгі идеологиясына айналады.

Қоғам үшін аса маңызды басқосудан алдын «АМАНАТ» партиясының Саяси кеңес отырысына қатыстық. Жиында партияның кезектен тыс XXIV Съезінің күн тәртібі талқыланды. Олар: Съезде алдымен ҚР Президенттігіне кандидат ұсыну, партияның жаңа Саяси тұғырнамасы қабылдау, Жарғыға өзгерістер енгізу. Мұнан бөлек, Съездің жұмыс органдары да пысықталып, тиісті қаулылардың күшін жойылатыны мәлім болды. Мәжіліс барысында сөз алып, Жаңа Саяси тұғырнаманың негізгі басымдықтары жайында пікірімді білдірдім.

Бөлініп бөріге жем болған, бірігіп ғана ел болған атамыз қазақ «Бетеге кетсе бел қалар, бектер кетсе ел қалар, берекең кетсе нең қалар?!» деген ұран сөзді ұрпағына аманаттады. «Біз Асан Қайғының Жерұйығы мен Әл-Фарабидің ізгі қоғам идеясын, Абайдың толық адам концепциясын, Шоқан Уәлиханов пен Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық миссиясын, Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш арыстарының ұлы мұраттарын үлгі-өнеге тұтамыз». Дәл осылай жазылған тұжырымдама еліміздің ендігі бастамасын анық айқындап тұр.

Қоғамның қызу талқылауынан өткен және арнайы сарапшылардың зерттеуінен сараланған Саяси тұғырнаманың Әділетті Қазақстанды құру қағидаларына негізделді. Онда отбасы құндылығы, білім мен ғылымға инвестиция салу, ауылды жерлерді медицина нысандарымен қамту, жұмыссыздықпен күресу, ұлтты ұйыстыру, мәдени-рухани дәстүрді жаңғырту, ұлттық қауіпсіздікті нығайту, тіл мәртебесін көтеру, құқықтық теңдікті сақтау, цифрландыруды жетілдіру, экономиканы әртарапандыру, халық пен биліктің арасындағы көпір қызметін жалғастыру принциптері қамтылған. Сонымен қатар мемлекеттің басты бойтұмары – Тәуелсіздік, ал негізгі байлығы – адам екендігі нақты көрсетілген.

Ел арасында еңбек адамы ең құрметті жан болып, ол сапалы білім мен сенімді медицина қызметіне кез келген уақытта қол жеткізе алуы

тиіс. Сондай-ақ еңбек құқығы әрдайым қорғалуы қажет. Партияның тұғырнамасындағы ең маңызды аспектілер, мінекей, осылар. Жалпы, жаңа саяси тұғырнаманың негізгі басымдық ел азаматтарының сапалы өмір сүруіне арналған.

«АМАНАТ» партиясы ауыл шаруашылығындағы түйткілдер, жайылым жер мәселесі мен елді мекен тұрғындарының табысын арттыру, жаңа кадрларды даярлау бойынша жұмыстар қолға алынып, бүгінде нәтижелерімен бөлісіп келеді. «Жер аманаты» және «Ауыл аманаты» жобалары қоғамға тиімділігін көрсетуде. Яғни партияның ішкі жұмыстардағы тәсілдер де жаңартылды. Сонымен қатар партия жаңа саяси мәдениетті қалыптастырып, өзгерістердің жаршысы болады деп нық сеніммен айта аламыз. Рухы биік, ынтымағы жарасқан, мақсаты айқын жоспарлар арқылы ел болып жетеміз деген үміт бар. «Біздің Тірегіміз – Тәуелсіздік, тілегіміз – Әділет, бағдарымыз – Бірлік» ұстанымын қолдай отырып, жауапты сәтте бірге жұдырықтай жұмылсақ алынбайтын қамал жоқ.

«АМАНАТ» партиясының кезектен тыс XXIV Съезінде қаралған мәселелердің алғашқысы қараша айында өтетін Президенттік сайлауға кандидат ұсыну туралы болды. Жақында «АМАНАТ» партиясының кезектен тыс XXIV Съезі өтті. Онда түрлі түйткілді мәселелер талқыланып, Президентікке үміткер ұсынылған болатын.

Елдегі бүкіл өзгеріс Мемлекет басшысының реформалар қабылдауынан басталған болатын. Биыл көктемде көшбасшы партияны трансформациялау дәуірі қолға алынып, жаңа құжаттың жобасын әзірлеуге кіріскен едік. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, халықпен етене жұмыс жасаудың нәтижесінде модернизациялау да сәтті аяқталды. Партияның осы жолы өткізген Съезінде маңызды шешімдер қабылданды.

Ел аузында бұл жолғы Съездің орны тым бөлек екені айтылуда. Жиынға 1200-ден астам адам қатысты. Оның ішінде 65 делегат Түркістан өңірінен сайланды. Республика бойынша ең көп Съезд делегаттары біздің өңірден аттанды. Себебі, халық саны жағынан алдыңғы қатардағы аймақ болғандықтан осындай шешім қабылданған болатын. Съездің екінші кезеңінде қазақстандықтар үшін өте маңызды шешімдерді

қабылдадық. Партия төрағасы Ерлан Қошановтың Президенттікке кандидат ретінде Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевты ұсынамын деген сөзіне делегаттар бірауыздан партия атынан келісті.

Түркістан өңірінің мақтанышы, айтыскер ақын, партияның Саяси кеңес мүшесі Бекарыс Шойбеков те мінберде сөз сөйледі. Ол Қасым-Жомарт Тоқаев әрдайым халықпен бірге түйткілді мәселелердің шешу жолдарын таба білген іскер азамат екеніне тоқталды. Бұған Арыс, Мақтаарал, Қаңтар оқиғасы, Қостанай мысал бола алатыны айқын. Пікір алмасуға өзге өңірдің белсенді азаматтары да қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі әлемдік геосаяси қайшылықтар процессінде өзінің дипломатиялық тәжірибесі арқылы еліміздің шет елдермен бейбіт қарым-қатынас орнатуына сеп бола алатын бірден-бір тұлға ретінде өзін дәлелдеп келеді. Сонымен қатар, елімізде биыл енгізілген реформалар халықтың талап-тілегіне негізделіп, әлеуметтік-экономикалық бағытты жан-жақты дамытуға бағытталған. Оған қоса, мемлекет басшысының соңғы Жолдауында жүктелген міндеттер мен мен саяси өзгерістер елдегі демократияның жаңаша сипат алуының алғышарты болды.

Съезден соң Президенттің қатысуымен Форум өтіп, еліміз үшін маңызды шешімдер қабылданды. Мемлекетте саяси науқандарды өткізу дәстүрі жаңа деңгейге көтерілді. Халықтың сайлауларға қатысу мәдениеті де артып келеді. Бұл еліміздің ендігі өмірі үшін шешуші факторларға айналары анық. Дегенмен қоғам арасында Халықтық коалицияны әлі де қабылдай алмай немесе түсініксіз көрініп жатқаны сезіледі. Не үшін қажет, мақсат не деген сұрақтардың қойылуы да орынды. Алдымен өзара бәсекелес партиялардың бір арнаға тоғысуы уақытша кезең екенін ажыратып алған жөн.

ҚР Президент сайлауын өткізуге байланысты коалицияға біріккен 3 партия мен 20-дан астам саяси ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің басты мақсаты және таңдауы реформалар аясында ауызбіршілікпен жұмыс жүргізу. Форумға жиналған 20 мыңға жуық адамның да көздегені осы болды. Әлемдік геосаяси жағдайларды ескерсек, жоспарланған науқанды ынтымақпен өткізу өте құптарлық әрі әділетті шешім



**Бейсен ТӘЖІБАЕВ,**  
«АМАНАТ» партиясы  
Түркістан облыстық филиалының  
Атқарушы хатшысы,  
Фракция жетекшісі, облыстық  
мәслихат депутаты.

екені анық.

Қасым-Жомарт Кемелұлының саяси реформа жүргіземін деп уәде беру барысында айтқан маңызды шешімінің бірі-ешбір Президент өз лауазымын атқару кезеңінде ешқандай партияға мүше болмауы керек деген талапты енгізу еді. Демек күткен биікке жетіп жатса Тоқаевтың жеңісін ешбір партия өзіне меншіктей алмайды. Артынша көп ұзатпай басталатын Мәжіліс пен мәслихат сайлауында мұны артық мүмкіндік ретінде пайдаланбайды. Қайта саяси ұйымдар үшін бұл таптырмас тәжірибе.

Мемлекет басшысы қолға алған барлық саланы қамтитын реформалары қоғамда қаншама жылдан бері көтерілген маңызды сұрақтарды қамтуы арқылы әрбір партияның ойынан да шығып отыр. Коалицияға қосылудың тағы бір себебі осы. Бізге «бір ел, бір тағдыр» қағидатын ұстану маңызды дер едім.

Қазір бөлінетін емес, бірігетін кезең. Үміткерді ортақ коалиция құра отырып қолдау әлемдік саясатта да бұрыннан қалыптасқан дәстүр. Екінші тұсынан алғанда жекеге негізделген ұйымдар осындай сәтте бірігу арқылы ауқымды саяси процеске араласады, аймақтарды аралап электоратпен байланысты күшейтуге мүмкіндік алады. Бұл коалиция алда да осылай жалғаса береді деген сөз емес ғой.

Келесі Парламент пен мәслихат сайлауларында әрбір партия жеке-кей көбірек мандат иелену үшін бір-бірімен ашық тартысқа түсетіндігі даусыз. Ал дәл қазір әрбір аудан ғана емес ауылға дейін бастауыш ұйымы бар «Аманат» науқанда негізгі ұйыстырушы ядро болары анық.

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының аудандық деңгейіне қатысып, үздік деп танылған отбасыларды марапаттау рәсімі өтті.

Марапаттау рәсімінде сөз алған Созақ ауданы әкімінің орынбасары Қалдыбек Әбілдаұлы Оразов мерейлі отбасыларды құттықтап, «Барлығыңыз да құрмет пен мадаққа лайықсыздар. Бүгінгі мерейлі күнде сіздерге қажырлы еңбек, тағылымды тәрбие, ізгі дәстүрлер сабақтастығын лайықты жалғастырып келе жатқандарыңыз үшін зор ризашылығымды білдіремін. Берік отбасылық құндылықтар арқылы ғана мемлекеттің іргесі мығым, ғұмыры мәңгі болады. Баршаңызға зор денсаулық, береке-бірлік, жақсылық тілеймін! Шаңырақтарыңызда махаббат пен татулық салтанат құрсын!» деп сөзін сабақтады. Мерейлі отбасыларға аудан әкімінің арнайы алғыс хаттарымен ес-

## МЕРЕЙЛІ ҮСТЕМ ОТБАСЫЛАР



телік сыйлықтарын табыстады.

Биылғы «Мерейлі отбасы» конкурсы лауреаттары қатарынан табылған ардақты ұстаз Мұхаммед-Әли Мұхатұлы Иманбеков сөз алып, қоғамдағы отбасы институтының маңызы жөнінде толғады.

Шолақорған ауылдық округінің Әйелдер Кеңесі төрайымы Гүлнар Есіркепқызы Өмірбекова өнегелі отбасыларды құттықтады. «Сіздердей отбасыларды өскелең ұрпаққа үлгі етуге тиіспіз» деп түйіндеді құттықтау сөзін.

Марапаттау рәсімі «Мыңжылқы» мәдениет үйі өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты.

Ұлттық конкурстың облыстық деңгейінде Мұхаммед-Әли Мұхатұлы Иманбеков пен Мақсат Жеңісұлы Қарғабайдың отбасылары марапатталды.

«Созақ үні»-ақпарат.



# Айбыны асқан ауыл

## Туған жерге тарту

*Қандай қымбат өз ауылым өз жерім,  
Тағдырыма артар өкпем, жоқ менің.  
Туған елге деген ыстық сезімді,  
Келмейді екен жүрегімнен шектегім.*

*Гүл бақшада, қызыл гүлдер бой жеткен  
Бақыт жылдар- әрбір күнім сенде өткен.  
Жатыр едің ескерілмей талай жыл  
Шығатұғын болды үнің енді өктем.*

*Аққолтығым неткен ыстық құшағың,  
Өзіңсің гой маған қымбат жыр-ағын.  
Сен арқылы асып, тасып көңілім,  
Сен арқылы арындайды күш ағын.*

*Балалығым өзіңменен бірге өткен,  
Қызғалтақтай көңілімді гүлдеткен.  
Сенің ыстық ықыласың деп білем,  
Маған біреу гүл ұсынса құрметпен.*

*Маған қымбат Шилі өзен, боз далам,  
Сенсің менің сезімді қозғаған.  
Аманат қып кетсем деп ем ұрпаққа  
Қасиетіңді көнермеген, тозбаған.*

*Басылмаған ашаршылық ызғары  
Төрт колхоз біріккен 1952 жылдары  
Аққолтық деп атады орталығын,  
70 жасқа толды міне құрғалы.*

*Толды бүгін 70 жасқа ауылым,  
Мақтанышым, сүйенішім қауымым.  
Сен есейсең, жүрегімнен ағылар  
Саған деген жыр дастаным дауылым.*

*Мезгілсіз көз жұмды гой не дарындар,  
(Құзғын құс- көп жасауға ол да құмар).  
Өмірден өтіп жатыр жақсы жаман,  
Ішінде Қобыланды, Қодары бар*

*Ұстазға мен де қарап бой түзгенмін,  
Әдебиеттің майданы ой тізбегім.  
Құлыншақ, Сәуірбектер салып кеткен,  
Өнерімді сол жолдан көп іздедім.*

*Аманжол қыл қаламның кемеңгері,  
Артында ізі қалған, жүрген жері.  
Төлепберген, Жұмабек, Құрбан еді,  
Батыры ауылымның болған ері.*

*Өлеңім – өмірімнің падишасы,  
Бибі еді, мақтанышы сөздің басы  
Жырым қуат бергендей көз тігемін,  
Кірленбейтін көңілдің көз бен жасы.*

*Енді міне қол жетті заман туып,  
Таң атты таңғажайып дәуір қуып.  
Ауылым өркен жайып төрлетіп тұр,  
Ақындар жырласын деп, сөзін буып.*

*Өрілген қыратымда нұрлы бұта,  
Аққолтық биіксің гой қаққан сына,  
Өнердің тұнып тұрған қайнары боп,  
Ақылдың айнала бер ордасына.*

**Мыңжасар АСҚАРУЛЫ,  
Қазақстан Республикасының  
мәдениет қайраткері.**

Биылғы жыл ауылымыздың орнағанына 70 жыл толу мерейтойының аталып өтуімен тарихта қалғалы тұр. Кешегімізді саралап көрдік, өткенімізді санада жаңғырттық, бүгінгімізді бағалап – бағамдадық және келешекке көз жібергендей болған жайымыз бар.

Өзім тау баурайындағы Аққолтық ауылында дүниеге келіп, әскер қатарындағы екі жылымды есептемегенде, жарты ғасырдан астам ғұмырым дәл осы жерде өтіп келеді екен. Демек, осы ауылдың тауы мен тасы, суы мен нуы, тарихы мен тағдыры, осында еңбек еткен және сыртта қызмет істеген адамдары т.б. туралы бір кісідей білемін десем артық айтқандық емес.

Әрбір азамат өзінің туған жерінің тарихын, табиғатын, өнер мен мәдениетке, әдебиетке қатысты деректер мен мәліметтерді білу, тану, қадірлеу, қастерлеу керек екені белгілі.

Бүгінде өз ауылының тарихын түгендемей жатып өткен замандарға көз салатын, өздеріне «тарихшы», «зерттеуші» деп ат қойып алғандар пайда болды. Өзімен бірге жүрген қаламгерлердің шығармаларын талдаудың орнына, әлемдік шедеврлер жөнінде пікір айтқанды сөнге айналдырған кісілер де табылып жатыр.

Менің жеке пікірімше, әрбір қолына қалам ұстаған адам өзінің туған өлкесі туралы, ондағы ғұмыр кешкен аяулы тұлғалар жайлы қалам тербеуді бірінші кезекке қойса құба-құп болар еді. Олай болмаған жағдайда, «Шамның жарығы түбіне түспейді» деген мақалдың кері боп шығатыны даусыз.

Ендігі сөзді Аққолтық ауылы мен оның айтулы азаматтары жөніне бұрсақ деймін.

Сөзақ ауданының кіреберіс қақпасы іспетті Жартытөбе әкімшілігінің құрамындағы Аққолтық ауылының орнағанына да жетпіс жылдай уақыт өтіпті. Тарих тереңіне көз жіберсек, соғыстан соңғы жылдары осы өңірдегі «Үштөбе», «1-май», «Сталин» және «Жаңатілек» аталатын колхоздарды біріктіріп, жаңа жерге қоныстануы қажет болғанда, қазіргі ауылдың орны таңдалыпты. Аққолтық аталуының себебі, таудың бауырында (қолтығында) орын тепкен, екі жағы биік, ортасы ойпат, ақшаңқан түске бөленіп жататын жер екен.

Сол кездегі ауылдың сызбасын реттеумен айна-

лысқан аталарымызға мың да бір рахмет, көшелері түп-түзу, таудың биігінен қарасаңыз көз тоятындай көріністі байқайсыз.

Бұл күнде үш үлкен көшесі асфальтталған, қалған көшелерге қиыршық тас төселіп жатқан, жаңа ғимараттағы орта мектебі, балалар бақшасы, дәрігерлік пункті, ауызсумен жабдықтайтын мекемесі, төртбес дүкені, ауылдық мешіті т.б. орналасқан ілгері елді мекен боп саналады. (Ауылдық клуб салынып жатыр)

Аққолтықта шамамен 170-дей үй саны тіркелсе, онда мыңнан аса тұрғын өмір сүруде.

Тұрғындар бюджеттік мекемелерде, вахтада, жеке шаруа қожалықтарында өз несібелерін тауып жүрген жайы бар.

Өткенге көз салсақ, кеңес өкіметі жылдары Аққолтықта сол кездегі «Жартытөбе» кеңшарының №1 және

танның Халық жазушысы.

4. Мыңжасар Асқаров – ақын, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, ауданның Құрметті азаматы.

5. Тұмартай Дінтайұлы – ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.

**Журналистика саласы бойынша:**

1. Тәуекел Бектаев – КСРО Журналистер Одағының мүшесі.

2. Қасымжан Өмірұлы – КСРО Журналистер Одағының мүшесі, ауданның Құрметті Азаматы.

3. Ғалым Есенсариев – Қазақстан Республикасының Мәдениет қайрат-

кері, ауданның Құрметті азаматы.

4. Кәрібай Әмзеев – ардагер журналист, ауданның Құрметті азаматы.

5. Ысрайыл Серікбаев – байырғы журналист.

6. Жалғас Қошқарбаев – тележурналист.

**Ғылым саласы бойынша**

1. Зарафия Қоңырқұлжаев – Қазақстанда микробиологияның негізін салушы.

2. Оспан Мыңбаев – медицина ғылымдарының докторы, академик.

3. Жабал Шойынбет – филология ғылымдарының кандидаты, абайтанушы.

4. Рысбай Есенсариев – техника ғылымдарының кандидаты.

5. Бекнияз Бихондиев – экономика ғылымдарының кандидаты.

6. Гүлзат Есенбекова – PHD доктор.

7. Айдос Мақұлбеков – өнертану ғылымдарының докторанты.



№3 мал фермалары орналасқан болатын. Ауыл тұрғындары қоғам мүлкін көздің қарашығындай сақтап, ел экономикасына өзіндік үлес қосу мақсатында күн-түн демей, бел шешпей еңбек етті.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардағы тұрмыстағы қиыншылықтарға да көппен бірге шыдас беріп, бүгінгі күнге жетіп отыр.

70 жылдығы аталып өтіп жатқан тұста жазылып отырған бұл мақалада мен Аққолтық ауылынан шыққан айтулы тұлғалар туралы аздаған ақпаратты аудан жұртшылығы назарына ұсынсам деймін.

Олардың көбісін үлкен кісілер білгенмен, кейінгі жас ұрпақ біле жүрсе деген ішкі адал ниетіміз бар екенін несіне жасырайық.

**Әдебиет саласы бойынша:**

1. Құлыншақ Кемелұлы – Жамбылдың пірі атанған атақты ақын.

2. Шойынбет би – Қазақтың 100 би – шешенінің бірі.

3. Сәуірбек Бақбергенов – Қазақ-

8. Марал Қоңырқұлжаева PHD доктор.

**Өнер саласы бойынша:**

1. Аманжол Найманбаев – профессор, өнер қайраткері.

2. Қалижан Білдашев – айтыскер ақын.

**Спорт саласы бойынша**

1. Оралбай Дәуленбаев – спорт ардагері.

2. Таужан Батыров – спорт ардагері.

3. Өмірзақ Дүржанов – спорт ардагері.

4. Қашқынбай Кенжеханов – спорт ардагері.

5. Асылхан Құлмаханов – спорт ардагері.

6. Сәбит Ерманов – Қазақстан Республикасының спорт қайраткері.

7. Біржан Жақыпов – бокстан әлем чемпионы.

8. Таңат Нәсербаев – футболдан Қазақстан чемпионы.

**Әскери сала бойынша**

1. Сәулембай Бұзауұлы – әскери пәнді алғаш жүргізген ұстаз.
2. Нышан Отаубаев – әскери комиссариаттың қызметкері.
3. Құдайберген Темірәлиев – әскери пән жетекшісі.
4. Нұралы Ділдабекұлы – әскери пән жетекшісі.
5. Мырзахан Қалдарбеков – әскери қызметкер.
6. Айбол Ыбраев – әскери қызметкер т.б.

**Кітапхана саласы бойынша:**

1. Смағұл Есенсариев- кітапханашы әрі клуб меңгерушісі.
2. Қаншайым Әбжаппарова.
3. Айгүл Қалдарбекова т.б.

**Шаруашылық саласы бойынша: колхоз, ферма басқарғандар мен түрлі қызметтер атқарғандар**

1. Бұзау Айхожаев-колхоз төрағасы.
2. Ысқақ Есенсариев-колхоз төрағасы.
3. Асқар Рақышев.
4. Шайық Оқшиев.
5. Жұмабек Мықтыбаев.
6. Аштархан Шәңкеев.
7. Өтжан Қоңырқұлжаев.
8. Әбибулла Асылбеков.
9. Кеңес Әлмаханов.
10. Рахман Әлиев.
11. Тілеу Орынбасаров.
12. Сейдахан Өтжанов.
13. Амангелді Бектаев.
14. Ескендір Ерманов.
15. Халық Жүнісбеков.
16. Нұрмахан Тұқышев.
17. Беркінбай Еденбаев.
18. Тоқтасын Қарқабатов.
19. Тоқтасын Қорабаев.
20. Манап Шылманбетов.
21. Омарбек Дәулетбаев.
22. Серікбай Айдарбеков.
23. Контай Аштарханов.
24. Балтабек Аймырзаев.
25. Төлебек Мақұлбеков.
26. Сүйінбай Қалдарбеков.
27. Әкімжан Өміров.
28. Сейтжаппар Молдабеков.
29. Мұрат Алшынбеков.
30. Айнабек Адырбеков.
31. Мәліктөре Алтыбаев т.б.

**Орден, медаль иеленген адамдары:**

1. Кодас Арқабаев – Социалистік Еңбек Ері.
2. Бибі Төлебаева – КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты атанған аудандағы жалғыз адам.
3. Құрбан Қодасов – орденді шопан
4. Жаңабек Қодасов – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты.
5. Болат Боранбаев – орденді шопан.
6. Телтай Сайлауов – Облыстық кеңестің депутаты.
7. Серікбай Дәулетбеков – орденді механизатор.
8. Шотарбай Темірәлиев – Созақ ауданының Құрметті азаматы.
9. Бекзат Бақбергенов – медаль иегері.
10. Айдаш Дүйсебаева – орден иегері.
11. Тілеубек Қоңқабаев – медаль иегері.
12. Төлепберген Тоқбергенов – орден иегері.
13. Раушан Шүленбаева – орденді

ұстаз.

14. Әбілжан Майусов- орден иегері.
15. Тұрсынбай Найманбаев -орденді звеношы т.б.

**ҮОС ардагерлері:**

1. Құрманбек Әлібиев – 99 фашистің көзін жойған мерген.
2. Есберген Диханбаев.
3. Төлен Қалдарбеков.
4. Абылай Алтыбаев.
5. Смағұл Есенсариев.
6. Омарбек Дәулетбаев.
7. Білдаш Қалдарбеков.
8. Көшерхан Қасқабаяв.
9. Рыстыбай Рысбаев.
10. Дәрмен Нариков.
11. Әбдірахман Мыңбаев.
12. Көшерхан Қасқабаяв.
13. Шотарбай Темірәлиев.
14. Әмірбек Құлманбетов.
15. Нұрмахан Омаров т.б. барлығы

88 адам қатысқан. Оларға арнап ескерткіш монумент орнатылған.

Сондай - ақ медицина саласында –Амангелді Күдербаев, Айман Игібаева, Ұмсын Оңалбаева, Мадияр Бейсенбеков т.б. Құрылыс саласында - Жәміш Қонарбаев, Берді Шәңкеев т.б.; почта саласында- Пітәй Әбдиева, Орынбасар Әлиев, Айымкүл Әбдімүталиева, Салиха Қалдарбекова, Мәрияш Тоқбергенова т.б.; сауда саласында- Еген Тұқышев, Нұржігіт Бекжігітов, Қорғасын Қорабаев, Тиышкүл Маше-



нова, Әмірхан Шойынбетов т.б.;

Білім саласында – Сайлау Әбдиев, Арғынбек Шойынбетов, Жылқайдар Ялиев, Дінтай Әбдиев, Болысбек Ерманов, Қалдан Әбжалалов, Төлеген Саханов, Өмірзақ Аймаханбетов, Әлі Өзгелдиев, Түйеші Есенбекұлы, Тұрсынбек Бекжігітов, Жолшы Жандарбеков, Лесбек Дәулетбаев, Тоқсанбай Айхожаев, Жаңабек Дүйсенбиев, Қанат Қалдарбеков, Әділ Отаубаев, Мұхан Ыбыраев, Әшімхан Тәпі, Бердібай Жолдыбайұлы, Нұралы Ділдабекұлы, Бекберген Рысбай, Ыс-са Есенсариев, Зұлфия Жүнісова, Тоты Абжалалова, Анар Аймырзаева, Фатима Орынбаева, Қаншай Төлебекова, Қарлығаш Дәрібаева, Мәруа Қайыржанова, Күндей Жиенбекова, Балқия Ақылбекова, Шырын Шорабекова, Сатан Егенова, Мәрияш Тоғызбаева, Мәрияш Құлманбетова, Әсем Бердібаева, Бибисара Каримова т.б. көптеген жандар өз мамандықтары бойынша еселі еңбек етті, оларды шәкірттері үлгі тұтады. Ауданда басшылық қызметтер атқарған Сағынтай

Мұсабеков, Сәуле Еденбаева мен Берік Мейірбековтерді ауыл тұрғындары түлегіміз деп есептесе, бүгінгі күні аудандағы түрлі мекемелерде басшылық ететін Ілияс Омарбеков, Жарылқасын Айдарбеков, Бақытжан Асқаров, Нұрбек Сейілбеков т.б. ауыл халқы мақтан тұтады. Бар ғмырын бала тәрбиесіне арнаған ардагер ұстаздар мектептен қол үзбей, түрлі қоғамдық жұмыстардың бел ортасынан табылуда. Жас мұғалімдерге ақыл-кеңестерін беріп, ауылдың оқушы жеткіншектерін болашақтың бір-бір тұлғасы етіп тәрбиелеуге бір адамдай ат салысуда десек, артық айтқандық емес.

Бұл мақалада ауылдың азаматтарын түгел тізбелеп шығу мүмкін емес және міндетті де емес деп ойлаймыз. Кейбір кісілердің есімдері аталмай қалса, алдын ала кешірім өтінеміз.

Айтпағымыз, алақандай ғана Аққолтық ауылынан жарты ғасырдан сәл ғана астам тарихында қаншама әдебиет, өнер, мәдениет, спорт, ғылым т.б. салаларда берісі аудан, арысы республикаға белгілі тұлғалар мен еңбек көрігін қыздырған майталмандар, шаруашылықты шебер ұйымдастырушы басшылар шыққаны бұл өңірдің кие қонған ел екеніне дәлел болса керек.

Үш бірдей қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі мен спорттың екі майталманының есімі бір ғана ауыл емес, кейбір аудандардың да маңдайына бұйыра бермейді.

Сондай-ақ, соғыстан бұрын, соғыс кезінде және колхоз дәуірінде, совхоз кезеңінде бел шешпей еңбек етіп, түрлі дәрежедегі марапаттарға ие болған үлкен буындары аталарымыз Нысанбек Асылбеков, Тұрғанбай қария, Тұран қария, Үсен қария, Қалдарбек қария т.б. көзкергендер ілтипатпен еске алады.

Бүгінгі таңда ер кісілер арасында Пернебай, Нұрсейіт, Мырзатөре көкелеріміздің жасы 90- ды алқымдаса, ауыл бойынша 100-ге қадам басқан асыл текті ана ретінде Сәндікүл әжені барша халық құрмет тұтады.

Сөзімнің соңында айтарым: қазақ атамыз «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын; жаманның жамандығын айт, құты қашсын» деген, әрқашанда жақсы жағымызды көбірек айтайық, айналамызға оң көзқараспен қарайық, күдігімізден үмітіміз ба-

**АҚҚОЛТЫҚ-  
ҚҰТТЫ МЕКЕНІМ**

Сөзі- Тұмартай Дінтайұлы  
Әні- Мұхтар Молдабеков

*Ауылым Қаратаудың бөктерінде,  
Керілген күре жолдың өткелінде.  
Аққолтық- құтты мекен бағы басым,  
Арайлы қоныс болған текті еліме...*

Қ/сы

*Батагөй бабаларым,  
Ақылгөй аналарым,  
Баулыған ізгілікке,  
Жеткіншек балаларын...*

Үлкенді ағалаған,

Кішіні бағалаған.

Ұлдары оза шауып,

Қыздары дараланған!

Ауылым Теріскейге қақпа болған,

Шықты көп азаматтар атқа қонған.

Аққолтық-талай дүлдүл туған ауыл,

Қазаққа бар даусыммен мақтана алам!

Қ/сы

*Ауылым-Созағымның гүл мекені,  
Халқының әрбір күні бірге өтеді.*

*Аққолтық-тұлғалардың тұрағындай,  
Ұрпақпен болашаққа бір жетеді.*

Қ/сы

сым болсын дегім келеді.

Неге екенін қайдам, Аққолтық ауылы туралы, оның тұрғындары туралы әңгіме қозғағанда кейбір кісілерден өзгеше бір көзқарас сезіп, тосын ой-пікір естіп қалатын кездеріміз бар. Ондай кісілерге ауылды сырттай бағалағанда абай болып, бірлі-жарым адамдардың әрекетіне қарап емес, тұтас ауылдың тарихы мен бүгінгісі тұрғысынан бағаласаңыздар әділ болар еді дегіміз келеді. Мақтанғанымыз емес, ауылымыздың қарилары дуалы, жастары жалынды. Үлкендер мен ұстаздар берген тәрбиенің әсері болар, жыл сайын мектеп түлектері туған ауылды көркейту мақсатында қаншама уақыттан бері өз қаражаттарымен демеушілік жасап, құрылыс салып келе жатыр. Осындай игілікті істері ауданның басқада ауылдарының жастарына үлгі болғанына, жалғасын тапқанына куә болудамыз.

Тоқсан жылдық тарихы бар Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің оқушылары да түрлі білім, өнер, спорт жарыстарында биік межелерді бағындырып жүр.

Әдеби байқауларда 3 оқушы (М.Өмірзақ, А.Тілеубек, А.Сейтжаппар) және 1 оқушы (З.Жайлау) ән айтудан республикада топ жара білді.

Қазіргі таңда ауылымызды келген қонақтарға ұялмай көрсететіндей жағдайымыз бар деуге болады. Жылдан жылға көркейіп келеді. Шымкенттің күре жолындағы бұрылыстан бастап ауылдың орталық көшелерінде жарық самаладай боп тұр, сапалы ауыз су тәулік бойы ағады, бүлдіршіндер балабақшада, оқушылар мектепте дегендей...енді ұялы телефон, интернет желісінің байланыс ауқымы дұрысталса құба-құп болар еді.

Ауылдың 70 жылдығы қарсаңында «Жастар саябағы» ішіндегі аллея құрылысы 20 жылдық (1986 ж.т.) түлектердің және ауылдың белсенді жастарының демеушілігімен жүргізіліп, ауыл көркін ашатын саябақтың тұсаукесері мерейтой өтетін күні кесілетін болады.

Күре жолдың бойына үлкен қақпасы орнатылған, «Аққолтық ауылы» деген жазу алыстан көз тартатын, меймандар тыныстайтын темір үйі бар, жеміс бауы жайқалған ауылымыз көркейе берсін!

Жаңадан салынып жатқан клуб құрылысы бітіп, көшелер жарықтан-дырылып, асфальт төселіп, алдағы жылдары газ кіргізу мәселе шешілсе деген ауыл тұрғындарының ақжарма тілегімен жазбамызды аяқтағымыз келеді.

**Тұмартай ДІНТАЙҰЛЫ,  
Қазақстан Жазушылар және  
Журналистер Одақтарының мүшесі.**

Алланың берген ғұмырын әркім өз ақыл-парасатымен мәнді етпек. Қоғамның ізгілігі-балалар мен қарттарға жасалған қамқорлықпен бағаланатыны бұлжымас ақиқат. Бұл тұрғыда еліміздегі қариялар мәселесіне тоқталар болсақ, қарттар мен мүгедектер, қорғаушысы жоқ кембағалдар жалпы зейнеткерлер жайы Президентіміздің дәстүрлі халыққа Жолдауында назардан тыс қалған емес. Жыл сайын мемлекет, қоғам, аудан, ауыл болып мерекелер сайын, жай күндері болсын елеп, ескеріп ардагерлерімізді құрметтейміз. Үлкендерге деген сый-құрметтің бір күннің аясында шектеліп қалмау керек,-дейді Тайқоңыр ауылының тұрғыны, бүгінгі біздің кейіпкеріміз Дауылбаев Әлібек Шәріпбекұлы.

- Адам баласының бойындағы бұл ізгі ниет-Алла Тағалам бұйыртқан әрбір секундтың еншісінен бөлінбек емес, бөлінбейді де. Өйткені, бүгінгі



дей. Сондай-ақ Қаратау ауылының 60 жылдығы мерейлі мерекесі қарсаңында ауылға арнайы келіп, аталмыш шараға өзінің қол ұшын созуға әрқашанда әзір екенін айтып кетті,-дейді құрдасы ауыл әкімі Оразхан Ермахан.Отбасында жұбайы Гүлжамал екеуі жеті ұл-қыз тәрбиелеп, оларды оқытып, жоғары білім алуларына жол көрсетеді. Үлкендері Алтынай қазақ-түрік университетін бітіріп Төлеген Момбеков атындағы жалпы орта мектебінде мұғалім. Тұрсынай да жоғары оқу орнын қызыл дипломмен бітіріп, тағы дақосымша бір университетті тәмамдаған білікті мұғалім. Ақжол болса колледжді бітірген, геофизик. Қазір Қырғызстан Республикасында жоғары білім алуда, кейін өндіріс саласында жұмыс жасайтын болады. Тұрар Оңтүстік университетін бітірген, бағдарламашы болып қызмет етеді. Қосқанат, Ізбасар, Шынболат есімді болашақ сарбаздар ауылдағы

## Марапатқа лайықты марафасқа азамат

жас – ертеңгі қарт. Осы заңдылыққа бас иген қазақ қашаннан үлкенді сыйлауда тәспісінен жаңылмаған. Халқымыздың “Үлкенге-құрмет, кішіге-ізет” немесе “Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді” секілді пәлсапалық мәні зор қағидаларының жасқа да, жасамысқа да бағдаршам іспеттес болуы соның жарқын айғағы. Өткен жылы Қаратау ауылының тумасы, тайқоңырлық кәсіпкер Әлібек Шәріпбекұлы Қаратау ауылында тұратын қарияларымыз бен ақ жаулықты әжелерімізді Түркістан шаһарына апарып серуендетіп қайтты.

- Біз ауыл қариялары Әлібек баламыздың қарттарға көңіл аударып, бір мезгіл аталарымызға құрмет жасайық деген бастамасына риза болып ақ батамызды береміз. Жастарымыз осындай ақ пейілді азаматтан үлгі алса деген ниетіміз бар,-дейді ауыл қариялары. Ауылдағы түрлі шаралардан қалмайтын, қолынан келсе ауылына, ондағы тума-туыстарға, жекжаттарға қол ұшын созып жүретін Әлібек Дауылбаевқа ауыл-аймағы алғысын жаудыруда. Әлібек ағамыздың өзіне келсек, ол кісі 1963 жылы 12 қыркүйекте осы Қаратау ауылында өмірге келген. 1979 жылы В.Панфилов атындағы он жылдық орта мектепті бітіріп, Қаратау совхозында аға шопан болып жұмыс атқаратын әкесі Шәріпбекке көмекші шопан болып еңбек жолын бастайды. Анасы Бейсенгүл отбасында өмірге он үш перзент әкелген ардақты, «Алтын алқалы»

ана.1981жылдың күзінде әскер қатарына аттанған Әлібек 1983 жылы абыроймен азаматтық борышын өтеп туған ауылына оралады. Ауылға қайтатын күндер жақындаған сәтте әкесі өмірден озады. Әкесінің қазасын есітіп «бірнәрсеге ұрынып қалады ма»деп қорыққан ағайындары, «келген соң естіретіміз» деп ұйғарады. Елге келген кезде әкесінің дүниеден озғанын естіп, Әлібек әке таяғын қолға алып, әкесінің шопандық ісін жалғастырады. Сол уақыттан бастап-ақ, жылқы баласына әуестеніп, жылқы басын көбейтуді ойлай бастайды. Әрі ол ойын талапты жігіт жүзеге асырады.

1988 жылы үйленіп, жұбайы Гүлжамалмен бас қосады. Жас отбасы 1993 жылы совхоздар тараған уақытқа дейін ұжымның қошқарларына бағады. Осы жылдар ішіндегі қара малдың басын құрап алады. Сөйтіп Тайқоңыр елді мекеніне біржолата тұрақты қоныстанып алады. Сондай-ақ Әлібек орман шаруашылығында қорықшы болып бірнеше жылдан бері қызмет атқарып келеді. Қасына кенже бауыры Пернебекті қоса алып шаруашылықтың қыры мен сырына баулып ағалық қамқорлығын көрсетіп келеді. Екі қолға бір күрек демекші, іліккен әртүрлі жұмыстар атқара жүріп,жылқы шаруашылығымен айналысады. 2010 жылдан бастап жан-жаққа асқұрандарға, түрлі іс-шараларға қолынан келген көмектерін бере бастайды. Сол 2010 жылы алғаш Тай-

қоңырда үлкен ас берілді. Сол астың етін көтеремін деп бір жылқысын сойып береді. Біз мұны айтып отырғанымыз Әлекеңнің зор адамгершілігі қатарымызда жүрген кейбір азаматтарға үлгі-өнеге, ғибрат болсын деп айтып отырмыз. 2014 жылы Қаратау елінде ауылдас ағайындардың, өз бабаларының мазаратын қоршағанда, түрлі ас-жиынға да қарап қалмай қол ұшын бере білді. Қаратау ауылының қариялары -кешегі әкесі Шәріпбекпен бірге жүрген, әкесінің көзін көрген, ізін басқан замандастары мен іні-бауырлары, апа-жеңге, келіндері болады. Әкең өлсе де әкеңнің көзін көрген аман болсын демекші, Әлібек ағамыз Қаратау ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Тәжібек Сансызбай ағасымен ақылдасып осындай иігілікті істі қолына алады.

- Әлібек нағыз елдің патриоты, елге жақын, елмен етене жүретін жігіт. «Әке көрген оқ жонар» дегендей әкесі марқұм Шәріпбек көкеміз жақсы кісі еді. Талай тәлім-тәрбиесін алып едік. Жалпы жылқы қасиетті мал. Ол адам баласының қанын тазартатын, адамға ақыл-ой беретін, арманына қанат бітіретін қасиетті мал ғой. Осы мал түрін таңдап, оған оң қабақ танытып өсіріп, көбейтіп жүрген Әлібектің бітім болмысы бөлек жан. Өткен жылы біз көтерген оң бастаманы қолдап, қарияларымыздың ақ батасын алып, ризашылығына бөленуі де елдің баласы деген ұғымымызды нақтылай түскен

Төлеген аталарының атындағы мектептіңқабырғасында тиянақты білім алуға.Ақжолдың үйіндегі Меруерт келін балабақшада мейірбике. Олардан Ақмаржан, Астана атты екі немере бар. Қыздары Алтынай мен Тұрсынайдан 8 жиен немерелері бар. Жұбайы Гүлжамал да жоғары білімді маман.

-Мен бірнеше жылдар мектепте жұмыс жасадым. Соңғы жылдары отбасылық шаруашылықта жүрмін. Ағаңның қасында көмекші, есепшімін. Одан бөлек сиыр сауып құрт, ірімшік, қаймақ, қатық, сүзбе сияқты сүт өнімдерінен таза тағамдар әзірлеп, ауылдастарыма табиғи өнімдерді ұсынамын,-дейді Әлекеңнің жары Гүлжамал. Осылайша берекесі дарыған отбасының отағасы Әлібек ағамыздың ғибратты ісі көпшілікке өнеге болары хақ. Тайқоңыр ауылының азаматы Әлібек Шәріпбекұлы қазан айының алғашқы күндері Қазақстан Республикасына қосқан ұзақ жылғы елеулі еңбегі үшін «Жебе» баспа үйінің арнайы құрылған комиссиясының биылғы жылдың 27 шілдедегі №03 шешіміне сәйкес «100 Жаңа есім» төсбелгісімен марапатталды. Марапатты аудан орталығындағы «Тең қоғам және белсенді ұзақ өмір» орталығында аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков көпшілік алдында салтанатты жағдайда табыс етті.

**Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.**

## Салиқалы семинар кеңес

Созақ аудандық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен Балалар жылына орай «Оқуға құштар баланы тәрбиелеудегі балалар кітапханасының ролі» аудандық семинар кеңесі өткізілді. Іс-шараға Бабата, Құмкент, Қызылкөл, Таукент, Абай, Қозмолдақ, Сызған, Қайнар, Созақ, Көктөбе, Қаратау, Ақсұмбе, Қарақұр, Жуантөбе, Шу, Қыземшек ауылдық кітапханалардың кітапханашылары қатысты. Семинар кеңесті Созақ ОКЖ директоры С.Батырбеков ашып, кітапхана жұмысының алдағы жоспарларымен таныстырды. Балалар кітапханасының меңгерушісі Ф.Маймақова “Оқуға құштар баланы тәрбиелеудегі балалар кітапханасының ролі” тақырыбында баяндама жасап, балалар кітапханасы – кітапханалардың бірі ретінде баланың негізгі тіршілік ету қабілетін қалыптастыруда айрықша рөл ойнайтын, кітапхана мәдениетіне жол ашатын, шынайы білімге қол жеткізуге



мүмкіндік беретін, оқу мәдениетін, тәрбиесін, мәдени дамуын, тұлғалық қоң ерекшеліктерін жетілдіру мен қауымдасу үдерісін жан-жақты қолдайтын сенімді мекеме екенін, балалар кітапханасының басты бес негізгі функциясын (Баланың оң тұлғалық қасиетінің қалыптасуы мен дамуына үлес қосу; Олардың

сөйлеу және тілдік қабілеттерінің қалыптасуына қолдау көрсету; Баланың бойында білімге қол жеткізу қабілетін ояту, баспа және электронды әдебиеттерді ең қолайлы түрде қолдана білуді үйрету; Оқу арқылы олардың ынтасы мен күшін жарыққа шығаруына мүмкіндік беру) атап көрсетті.

Шығармашы идеялар топтамасы «Идеядан іске асыруға дейін» тақырыбында аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі Фалия Маймақова, кітапханашы Әсем Сарыбаева балалармен жүргізілетін жұмыстардың әдістерімен және жобалармен таныстырып, жұмыс сапасын жақсарту барысында әдістемелік ұсыныстар берді және «Іскерлік ойын: Дамыту, ұйымдастыру, өткізу» тақырыбында ауылдық кітапханашылармен іскерлік ойындар жүргізілді. Іс-шара аясында оқырман белсенділігінің деңгейін арттыру, жас ұрпақтың санасында оқу мен кітап мәдениетінің құндылығы мен маңызы туралы түсінік қалыптастыру, шығармашылық белсенділігін қолдау және ынталандыру, жас ұрпақтың бойы-

на ұлтжандылық, елжандылық қасиеттерін сіңіру және патриоттық тәрбие беру мақсатында 4-сынып оқырмандарына арналған “Кітап оқиық, балақай!” атты оқу марафонының тұсау кесері өткізіліп, марафонның ережесі таныстырылды.

Аудандық орталық кітапхананың кітапхананы дамыту бөлімінің басшысы Бота Бекмуратова «Мамандықты түсіну: статистикалық құжаттаманы дұрыс толтыру» тақырыбында статистикалық есепті толтыру, тапсыру, құжаттармен жұмыс жасау бағыты бойынша кеңестер беріп, практикалық жұмыстар жүргізді.

Семинардың екінші бөлімі қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына арналған “Әуезовтің әдеби әлемі” атты әдеби кешке ұласты.

**Фалия МАЙМАҚОВА,**  
Созақ аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі.

**Жарамсыз деп танылсын**

Есенгелді Нұрсұлтан Ерболатұлының иелігіндегі 2005 жылы шығарылған «Ваз 21070» маркалы автокөлігінің KZ 626 WDZ/13 санды мемлекеттік тіркеу белгісінің 1 данасы жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

**Жарамсыз деп танылсын**

Бабаев Ерболат Курманбековичтің иелігіндегі 1996 жылы шығарылған «Toyota Carina E» маркалы автокөлігінің (мемлекеттік тіркеу белгісі: KZ 134 OPB/13) техникалық төлқұжаты жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

**Жатқан жерің жайлы болсын жан әке**

Шолақорған ауылының тұрғыны, ардақты әке, Ұлы Отан соғысының ардагері, Созақ ауданының Құрметті азаматы **Нұрхожаев Тәжі** әкеміздің дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асқар тау әкеміздің нұрлы бейнесі жадымыздан өшпек емес.



**Әкемайым, асқар таудау тірегім, Біздер үшін адал еді жүрегің. Жатқан жерің жайлы болсын жан әке, Топырағың торқа болсын тілерім,-** деп, әкеміз Тәжі Нұрхожаевтың рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, әкеміздің көзін көрген жандардың есіне саламыз.

**Ас – 24 қазан күні (23 қазан – қонақ асы) Шолақорған ауылы, кіші Балдысу көшесіндегі өз шаңырағында беріледі.**

**Асқа шақырушылар: Нұрхожаевтар әулеті.**

**Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанда**

Шолақорған ауылының тұрғыны, асыл әке, қимас бауыр, жаны жайсаң азамат **Махаев Ардақ Жеңсікбайұлы** әкеміздің дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.

**Кетсеңдағы бізден алыс мәңгілік, Жүрміз әлі сағынышпен қамығып. Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанда, Жадымызда тұрар әркез жаңғырып,** - деп, әкеміз Ардақ Жеңсікбайұлының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

**Ас – 23 қазан күні (22 қазан – қонақ асы) Шолақорған ауылы, Т.Әубәкіров көшесіндегі №15 үйде беріледі.**

**Асқа шақырушылар: жұбайы, ұлдары, бауырлары, Махаевтар отбасы.**

**Жұмақтан болсын мекендерің...**

Шолақорған ауылының тұрғындары, асыл жан, жаны жайсаң азаматша **Шерімбетова Айнұрдың** және отбасымыздың сүйікті ұлы **Зубайра Сейітмұхаммедтің** өмірден өткендеріне жылдың жүзі болып қалды. Жақсы жандардың жарқын бейнелерін сағынышпен еске аламыз.



**Ешкімнің жоқ білем бірақ тіаласы, Тағдырымның болып тұрады аласы. Жүрегіме жара болып қадалған, Ұлым менен бауырымның қазасы,** - деп, асыл жандар Айнұр Шерімбетова мен Зубайра Сейітмұхаммедтің рухтарына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

**Ас – 30 қазан күні (29 қазан – қонақ асы сағат 19:00-де) Шолақорған ауылы, кіші Балдысу көшесіндегі өз шаңырақтарында сағат 12:00-де беріледі.**

**Асқа шақырушылар: Шерімбетовтер әулеті.**

Созақ ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің мұғалімі **Жұматаева Дариғаға** анасы

**Аманжан Нысанбекқызының**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Созақ ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің мұғалімі **Атахан Жанарға** анасы

**Айтқыз Жабаханованың**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

**Тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі**

Электр жарығынан және тұрмыстық электр жылытқыш оңдырғылардан болатын өрттердің алдын алу. Электрден болатын өрттердің негізгі себебі - ол қысқа тұйықталу, желінің шамадан тыс жүктелуі. Осындай болмау үшін электр сымдарын жөн жағдайда ұстау керек, ал қысқа тұйықталудан және желінің торда шамадан тыс жүктелуінен (бірнеше электрқондырғыларды бірден қосу) болатын өрттердің алдын алу үшін тарату қалқаншада міндетті түрде заводта жасалған сақтандырғыштар болуы қажет. Егер электр желісіне жуан сымнан қолдан жасалған сақтандырғышты ("жучок") қосса, онда қысқа тұйықталу кезінде ол ерімейді. Олай болса, "қорғанысы" істемейді және желі тоқтың астында қалады. Осындай жағдайда сымдар ерігенше қызады, оқшаулауы тұтанады, от айналадағы жанғыш заттарға таралып, өрт басталады. Сондықтан әрқашанда тек заводта жасалған сақтандырғыштарды қолдану қажет. Қысқа тұйықталу электрсымда да болуы мүмкін. Сондықтан ол жөн жағдайда болуы керек. Өрт электр шамынан да болуы мүмкін, оның вольфрам сымы қызған кезде көп жылу шығарады. Өрт болмау үшін электршамдар қағаз және мата абажурларға тиімеу қажет. Өрттер заводта жасалған тұрмыстық электрқондырғыларынан да жиі болады. Егер электр желісіне бірнеше осындай қондырғыларды бірден қосса, онда ол электрсымдарының шамадан тыс жүктелуіне және қызуына мүмкіндік береді. Оқшаулау тұтанып, от сым арқылы әртүрлі заттарға таралады. Егер дұрыс қолданбаса, өрт тек бір ғана электржылытқыш қондырғысынан (үтік, шәйнек, жылытқыш, т.б.) да пайда болуы мүмкін. Сондықтан желіге қосылған қондырғыларды қараусыз қалдыруға болмайды және олардың қарауын кішкентай балаларға тапсыруға болмайды. Қондырғыны жанғыш заттардың үстіне қоюға болмайды, сонымен қатар перделер, ағаш қалқа және т.б. оңай жанғыш заттардың қасында қосуға болмайды. Пештердің жөнделгендігінен болатын өрттердің алдын алу. Пешті жағудың өрт қауіптілігі неде? Отынды жаққан кезде пештің ішіндегі температура 600-800 градусқа дейін жетеді, одан пеш қабырғалары және түтіндік қатты қызады. Егер ғимараттың ағаш бөлшектері (арқалық, қалқа, еден, төбе және басқа жанғыш құрылымдар мен материалдар) пештің қабырғаларына және түтіндікке тығыз тиіп тұрса, кірпішпен тиісті бөлу болмаған жағдайда - онда олар жануы мүмкін.

**Қуаныш ЕСЕНБЕК, Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау капитаны.**


**Құттықтаймыз!****Жүзіңізден күлкі кетпесін**

Шолақорған ауылының тұрғыны, асыл әке, ардақты азамат, қамқоршы әкеміз **Жарас Қалдыбиевті** туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Әкемізге мықты денсаулық, қажымас қайрат тілей отырып, еңбегіңіздің жемісін көре беріңіз демекпіз!

**Тәтті екенін еңбектің қара наны, Ұқтырдыңыз Әкешім маған бәрін. Ерте тұрып, кеш қайтып қызмет етіп,**

**Біздер үшін ештеңе аямадың. Кем қалмадық қаптардан білім алдық, Тәрбиеңнің барлығын іліп алдық. Өзің берген Әкешім ақылыңды, Санамызбен көңілге түйіп алдық.**

**Ізгі ниетпен құттықтаушылар: жұбайы-Гуля, қыздары-Айжан, Мейрамқұл, Меруерт.**

**Үйлеріңізді өрттен сақтаңыздар!****Мұны барлығы білуі тиіс!**

Өртті сөндіргеннен гөрі алдын алу жеңіл!

Білу керек!

-Тыныс органдарын сулы орамалмен жабу қажет.

-Уақытылы (жедел жәрдем келіп жеткенше) жасалған жасанды тыныс алдыру зардап шегушінің өмірін сақтап қалады.

-Жасанды тыныс алуды таза ауада жасау қажет.

-Төсекте жатып шылым шекпеңіз!

-Электр қыздырғыштарды желіге қосуды күйі қалдырмаңыз.

-Сыртқы өорғаушы қабығы зақымдалған электр сымдарын пайдаланбаңыз.

Апатқа қарсы бірігейік!

Өрт болғанда «101» нөміріне телефон соғыңыз.

Адамдарды сыртқа шығару жолдары:

-Баспалдақ бөлімшесі.

-Сыртқы өрт басқышы.

-Зәулім биік үйлердің балқондарындағы құтқару ұяшалары.

-Балалардың отпен ойнауына жол бермеңіз

-Қолдан жасалған сақтандырғышты қолданбаңыз

-Тұрмыста пайдаланатын химиялық заттарды отқа жақын ұстамаңыз.

-Пеш жаққан кезде жанғыш сұйықтықтарды қолданбаңыз

Өрттен сақтану ережесін бұлжытпай орындаңыз, сонда сіз өз үй-мүлкіңізді сақтап қаласыз, адам шығынының алдын аласыз.

**ҮЙДЕГІ ГАЗ****Газды пайдалану ережесін біліңіз және қатаң сақтаңыз!**

Жыл басынан бері, облыс аумағында тұрғындарың газ жылыту қондырғыларын пайдалану барысында қарапайым қауіпсіздік салдарын естен шығармау қажет. Мысалы Сайрам ауданында 2014 жылдың қаңтар айында газ баллон арқылы жылу бөлетін жылыту қондырғысын пайдалану барысында өртсіз газ иісіне уланып 7 адам қайтыс болған. Осындай келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында қарапайым мына төмендегі сақтық шараларын орындау қажет.

**Газдың шығу себептері:**

-Газ баллонды ауыстыру барысында арнайы газ тарату мекемесінің маманы орнатып тексеріп беруі қажет.

-оттықтағы жалын су немесе жел тиген кезде өшеді, сондықтан ыдыстарды сумен толтырып қоюға болмайды;

-жалғанған жерлердегі механикалық бұзылулар мен ақаулардың салдарынан газ шығады;

-редуктордың жалғанған жеріндегі бұрамаларының берік болмауы газдың шығуына соқтырады.

**Қауіпсіздікті сақтау мақсатында:**

-газ құралдарындағы ақауларды өз бетіңізше жөндеуге тырыспаңыз;

-құралдардан ұшқын шығуы мүмкін;

-газ құбырларына арқан байлауға және киімдерді кептіруге болмайды;

-жанып жатқан газ құралдарын қараусыз қалдыруға, әсіресе олардың жанында балаларды қалдыруға болмайды;

-газ плитасын жылыту үшін пайдаланбаңыз, толығымен жанбаған газ адам ағзасын уландырады.

Газдың шығуын тексеруге сабынды судың көбігін пайдалануыңыздар.

«Өрт тілсіз жау» сақтансаң сақтайды ағайын.

**Мағжан ӨСКЕН, Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.**

Әкем Имашев Қошқарбай 1916 жылы (құжат бойынша 1918жыл) Созақ ауданының Бақырлы өңірінде дүниеге келген. Ата-бабасының ата қонысы да осы Қаратау болған. Имаштың әкесі Сәдібек дәулетті, елге сыйлы, домбырашы болған дейді. Кешқұрым ауыл маңындағы төбеге үлкендер жиналып, әңгіме-дүкен құрып, күй тыңдайтын болған. Бабамыз үйіне қайтарда домбырасын малшыларына тапсырып, арнайы жерге қойдырады. Сондықтан болар әлгі Сәдібек бабамыз күй тартып отыратын төбені ел «домбыра төбе» деп атап кеткен –дейді көнекөз қариялар. Ұлы қазан төңкерісінен кейін байлар мен ауқатты адамдар қуғынға ұшырап, әкемнің туған-туыстары Қырғыз еліне барып паналайды. Ал әкеміз анасынан бір жарым жасында, әкесінен 4 (төрт) жасында жетім қалады. Тұл жетім болған әкемді нағашы әжесі Түркістанға алып кетеді. Көп кешікпей әжесі де қайтыс болып, нағашы ағасының қолында қалады. Адуын нағашы жеңгесі кішкентай баланы күндіз түні жұмсап, мал соңына салып, малай



атақ беріп ГАЗ-52 автомашинасын сыйға тартып әкеміз Қошқарбайды Құрметті демалысқа шығарып салды. Әкеміз өте меймандос, бауырмал, адал да адамгершілігі мол, өмірден көргені мен түйгенін шебер әңгімелейтін, өсиеті мен өнегесі көпке үлгі кісі еді. Жұмыста да, ел арасында да беделді, өзімен кезкелген адам санасатындай ықпалды, сөзіне ісі сай, естігенін, оқығанын ұмытпайтын зерек жан еді. Өсек, өтірік айтқанға жаны қас болатын. Анамыз Құлмаханқызы Дәметкенмен 55 (елу бес) жыл отандасып тоғыз ұл-қызға өмір сыйлады. Ата-анамыз балаларының тәлімді тәрбиесімен тиянақты білім алуына ерекше көңіл бөлді. 4 ұлы, 5 қызы жоғары оқу орындарын бітіріп, мамандықтары бойынша әр салада қызмет етуде. Үлкендері зейнетке шықты. Әкеміз: бір әулеттен жалғыз мен қалдым, жаудың бір оғы маған жетпей қалған жоқ, Алла жар болып, соғыстан аман оралдым. Перзенттерімді көріп, бір қауым ел болдым-деп шүкіршілік етіп отыратын. «Текіден текті туады, тектілік

# Асқақ армандардың ақ бастауы

ретінде ұстайды. Сөйтіп жүргенде 11-12 жасқа келіп қалады. Бірде Жетпісбай деген үлкен нағашысы (Сол кезде Шымкент қорғасын зауытында қызмет істейді екен) мына баланы қор қылдыңдар ғой-деп үйіне алып кетеді. Киім-кешек әперіп, қала тіршілігіне үйретеді.

Қыстың бір күнінде мектеп директорын үйіне шақырып қонақ етеді де, мына баланы бірінші орыс сыныбына оқуға ал,-деп өтініш айтады. Сонда әлгі кісі: баланың ересек болып кеткенін, оның үстіне екі тоқсан өтіп, балалардың әріп танып оқи бастағанын, мұның әлі қолына қалам ұстамағанын және орыс тілінен ештеңе білмейтінін айтып қарсылық білдіреді. Сонда нағашысы: «Жиенім алғыр, зерек әлі-ақ басқа балаларды қуып жетеді деп сендіреді. Соңғы партада бойы сарайып, өзге оқушылардан бөлек тапсырма олырындап, оқу жылының аяғында сынып программасын толық игеріп шығады. Сөйтіп он бес жасында бастауыш мектепті бітіреді. Нағашысы:- енді есейіп қалдың, сауатыңды аштың, ары қарай өмірлік наныңды тауып жейтін мамандық алуың керек»-деп ФЗУ-дің жанындағы бір жылдық шоферлық курсқа түсіреді. Курсты 1936 жылы бітіріп, қалада бір жарым жылдай шофердың көмекшісі, кейіннен шофер болып жүргенінде 1939 жылы әскер қатарына алынады. 1939-40 жылдары Монғолиядағы атақты Хан-Хин-Гол соғысына қатысады. Әскери қызметі бітпей Ұлы Отан соғысы басталады. Фашизмнің қан құйлы соғысының басынан аяғына дейін қатысады. Мамандығын сәйкес үнемі алғы шепте жүріп, майданға оқ-дәрі, қару-жарақ, азық-түлік тасиды. Соғыс аяқталса да арнайы мемлекеттік тапсырма-

мен әскерде қалдырылады. Әсем айтып отырушы еді, «Чехтың «Татра» дейтін моторы ауамен мұздатылатын екі жүздек машинасының біреуін жүргізуші едім. Берлиннен Польшаға жеткенше соңымдағы машиналардан бір тәулік бұрын келіп күтіп тұрушы едім,-дейтін. Бір жылдан астам Германиядан Совет еліне

## Қошқарбай көкеме

*Жақсылардың жүрсем де ортасында,  
Талай қыран көрсем де жартасында.  
Ақсақал деген сөзді мен сезіндім,  
Бір гана қарияның арқасында.*

*Шыншыл еді ешкімге жағынбайтын,  
Парасатпен парқыңды пайымдайтын.  
«Туганына жақпайды тура айтыңдар»,  
Деген сөзге ол кісі бағынбайтын.*

*Қамал бар ма бұл күнде алынбайтын,  
Заман болды әділ қазы табылмайтын.  
Әулетте арақидік дау боп жатса,  
Бір бірлеп шақырып ап қабылдайтын.*

*Айтушы еді бір-ақ сөзбен ақ-қарасын,  
Шындыққа қалай кімдер тоқтамасын.  
Солдай болып шығатын сенбегендер,  
Қандай бабын, қай заңның ап қарасын.*

*Көкеуідегі көп сөзім жыр боп шықты,  
Сағынышым сіз деген мұң боп шықты.  
«Кемпірімнің адында кетем»-деуші ең,  
Киелім, бұл сөзің де шын боп шықты.*

**Қалижан ҚҰЛМАНОВ.**

мың машинадан құралған колонна жүк тасыған екен. Содан туған елге 1946 жылдың күзінде оралған. Майданда әр қаланы, республиканы азат еткенде берілген орден, медальдары көп болатын. Ауданға ең алғаш машина жүргізіп келген де біздің әкеміз екен.

Ауданда 40 (қырық) колхоз болған

екен. Колхозшылар ол кезде қолмен (соқамен) жер айдап егін, бидай егеді. Жиналған өнімді сөткесіне 2 (екі) реттен қатынап ауданға жеткізіп тұрады, полуторка машинасымен. 1953 жылы Жартытөбеге көшіп барып жұмысын жалғастырады. 1956 жылдың жазында Созақ ауылына қоныс аударып, гараж меңгерушісі, кәсіптік техникалық училищеде мастер (шебер) болып істейді.

1962 жылы ауданда он совхоз құрылып, жаңа басшылар тағайындалады. Қаратау совхозына Ұлы Отан соғысының ардагері Абдраманов Балтабай директор болып бекітіледі. Сол кісі көкемді шақырып: «Қошеке, екеуімізде Отан үшін майданда қан кештік, енді елдің болашағы үшін бірге еңбек етейік, сіз совхозға гараж меңгерушісі болып барасыз, техниканы Энгельстен бөліп алыңыз-дейді. Қажетті техникаларды іріктеп алып, гараж орналасатын жерді белгілеп, гараж құрылысын бастап кетеді. Совхоз директорының басшылығымен ауылды әппақ шағаладай тұрғын үйлер салынып, түп-түзу көшелер пайда болады. Іргесін енді көтерген Қаратаудың мал шаруашылығына қажетті жем-шөп, құрылыс материалдарын жан-жақтан тасып, күн-түн демей еңбек етеді. Сол кездегі басшылар іскер әрі талапшыл, ал малшы-механизаторлар жалпы адамдар жан аямай еңбек етуші еді,- деп еске алатын әкеміз. Шу өңіріндегі совхоздарға да алғаш рет жол салған, іргесін көтеріскен азаматтардың бірі біздің әкеміз екен. Кейінгі жылдары автомонша жүргізіп малшы-шопандарға қызмет көрсетті. 44 (қырық төрт) жылы бойы үздіксіз еткен еңбегі бағаланып медальдармен, құрмет қағаздармен жиі марапатталатын.

Аудандық газеттерге суреті басылып мақалалар (әкем жайлы) шығып тұрды.1979 жылы совхоз дирекциясы мен кәсіподақ комитеті бірлесіп өткізген жиында Құрмет грамотасын тапсырып, «Еңбек ардагері» деген

тұқым қуады»-деп бекер айтылмаса керек. Анамыз тәп-тауір ән айтатын, өлең де жазатын. Заманында құрбыларына жігіттердің жазған хаттарына өлеңмен жауап қайтаратын біздің анамыз болыпты. Анамыздың атасы Шоланбай кезінде сал-сері атанып, той-томалақтан қалмайтын ақын екен. Құлманбет ақынмен айттық екен,-деп отыратын аналарымыз. Бірақ ортасында сауатты ешкім болмағандықтан өлеңдері сақталмаған. Осындай тектілерден тараған ұрпақтары да өлең-жырдан кенде емес. Үлкен ұлы Тілеубергенге ақындық қонған. Әлиясы керемет әнші. Немерелері Қайрат, Алдаберген, Мұхит, Тәңірбергелер ән салып, той басқарып, шумақ-шумақ жырлармен шашу шашады. Жиен қызы Ақтоты дәстүрлі ән мен терме өнерінен аудандық, облыстық, республикалық байқаулардың жеңімпазы. Музыка маманы. Ал Шолпан республикалық, халықаралық ән байқауларында 1-ші, 2-ші орындарды иеленген. Сәуле мен Күләш та өлең жазумен айналысады. Сабыржан мен Арайлым Алматыдағы Жүсіпбек Елебеков атындағы музыкалық колледжінің түлектері. 15 жасар шебересі Сәбит күрестен спорт кандидаты. Биылғы жылы шеберелері Назгүл мен Ақнұр жоғарғы оқу орнының білім грантымен оқып жүр. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с) «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген екен. Алланың рақымымен ұрпақтарының өсіп-өніп жатқаны ата-анамыздың аңсаған арманының орындалғаны болар деп білеміз. Әкеміз Қошқарбай 2002 жылы 85 жасында, ал анамыз Дәметкен 2004 жылы 75-ке қарағанында өмірден өтті. Ата-анамыздың жатқан жері жайлы, жаны жәннатта болсын, деп олардың рухына бас иеміз.

**Сәбира ҚОШҚАРБАЙҚЫЗЫ,**  
зейнеткер ұстаз.  
Қайнар ауылы.

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

Директор:  
**Абилпаттаев Ержан**  
**БАКЫТЖАНОВИЧ**

Бас редактор:  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
**Сайлаубекұлы**  
Жауапты хатшы  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы:

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайншы-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Теріміші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта  
аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:  
**161000, Шолақорған ауылы,**  
**С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30**  
**(факс), 4-25-19, 4-28-97**

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
**3800 дана**

Кезекші редактор:

Н.Шертаев